



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 400–
409
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_400-409

ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҰЛҒАСЫ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ

Асемгуль Сериковна Темирханова¹, Альбина Абеновна Максумова², Амангуль Муратовна Исакаева³

¹М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
(7-үй, Абай көш., 150000 Петропавл, Қазақстан Республикасы)
доктор PhD, доцент
<https://orcid.org/0000-0002-3231-5141>. E-mail: asema_sko@mail.ru

²М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
(7-үй, Б. Сулейменова, Тараз, Қазақстан Республикасы)
доктор PhD, доцент
<https://orcid.org/0000-0001-5939-7370>. E-mail: albina_kzt83@mail.ru

*Корреспондент автор

³А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
(47-үй, А. Байтұрсынов көш., Қостанай қ., Қазақстан Республикасы),
докторант
<https://orcid.org/0009-0000-0722-9893>. E-mail: isakaevaiko@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Темирханова А.С., Максумова А.А., Исакаева А.М., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Бұл мақалада Қасым Мұстафаұлы Ертісбаевтың өмірі мен қызметі тарихи деректер негізінде сараланып, оның тұлғасы арқылы XX ғасыр басындағы діни-ағартушылық қайраткерлердің ортақ тағдыры мен тарихи миссиясы айқындалады. *Мақсаты мен міндеттері.* Қасым Мұстафаұлы Ертісбаевтың өмірі мен қоғамдық қызметін жан-жақты талдау арқылы оны XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі діни-ағартушылық қозғалыстың көрнекті өкілі ретінде таныту, сол кезеңдегі қазақ зиялыларының тарихи тағдырын, рухани ұстанымдарын және ағартушылық бағыттағы еңбектерін ашып көрсету. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін келесідей міндеттер қойылады: Қасым Мұстафаұлы Ертісбаевтың өмірбаянын тарихи деректер негізінде жүйелеу; Оның діни-ағартушылық қызметінің мазмұны мен бағыттарын анықтау; XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қоғамдық-саяси ахуалдың діни қайраткерлер тағдырына әсерін талдау; Қазақ қоғамындағы діни-ағартушылық қозғалыстың маңызын айқындау; Қайраткердің ұлттық руханият пен білім беру ісіне қосқан үлесін бағалау; Кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргіннің діни тұлғалар тағдырына ықпалын көрсету; *Материалдар мен әдістер.* Зерттеудің негізгі материалдық базасын мұрағат құжаттары, мерзімді баспасөз материалдары, діни-ағартушылық бағыттағы еңбектер, тарихи зерттеулер мен ғылыми еңбектер құрады. Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-зерделеу, салыстырмалы талдау және сипаттау әдістері құрайды. *Нәтижелер.* Қасым Мұстафаұлы Ертісбаевтың өмір жолы мен қоғамдық қызметі

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі діни-ағартушылық қозғалыстың мәні мен мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Қ. Ертісбаев өз дәуірінің талаптарына жауап бере отырып, діни білім мен зайырлы ілімді ұштастыруға, халық арасында оқу-ағарту ісін дамытуға күш салды. Сонымен қатар ол заман ағымындағы саяси өзгерістердің салдарын бастан кешірген, ұлттық руханият жолында қызмет еткен қайраткер ретінде ерекшеленеді. *Қорытындылай келе*, аталған тұлғаның қоғамдық қызметін тарихи тұрғыдан зерделеу – тек жеке қайраткердің тағдырын ашу ғана емес, сонымен қатар XX ғасыр басындағы қазақ діни-ағартушылық қозғалысының мәнін айқындауға мүмкіндік береді. Осы зерттеу аталған кезеңдегі рухани-мәдени үдерістерді жаңаша пайымдауға, ұлттық тарихтағы діни қайраткерлердің орнын нақтылауға және олардың тарихи мұрасын ғылыми айналымға енгізуге бағытталады.

Кілт сөздер: Қасым Мұстафаұлы Ертісбаев, тарихи деректер, діни-ағартушылық қызмет, объективтілік, мәдени мұра, медресе, ұлттық руханият, қайраткер, оқу-ағарту ісі, зиялы.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Солтүстік Қазақстандағы байлар: қоғамдағы орны, әлеуеті мен шаруашылықтарының тәркілеуге ұшырауы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу нөмірі АР 26104469).

Дәйексөз үшін: Темірханова Ә.С., Максұтова А.А., Исақаева А.М. Қасым Ертісбаев тұлғасы XX ғасыр басындағы діни-ағартушылық мәселелер контекстінде // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 400–409-бб. [қаз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_400-409

ЛИЧНОСТЬ КАСЫМА ЕРТИСБАЕВА В КОНТЕКСТЕ РЕЛИГИОЗНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИХ ПРОБЛЕМ НАЧАЛА XX ВЕКА

Асемгуль Сериковна Темирханова¹, Альбина Абеновна Максұтова², Амангуль Муратовна Исақаева³

¹Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева
(Д. 7, ул. Абая, 150000 Петропавловск, Республика Казахстан)
доктор PhD, доцент
<https://orcid.org/0000-0002-3231-5141>. E-mail: asema_sko@mail.ru

²Таразский университет им. М.Х. Дулати
(Д. 7, Ы. Сулейменова, Тараз, Республика Казахстан)
доктор PhD, доцент
<https://orcid.org/0000-0001-5939-7370>. E-mail: albina_kzt83@mail.ru

³Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова
(Д. 47, ул. А. Байтурсынова, Г. Костанай, Республика Казахстан),
докторант
<https://orcid.org/0009-0000-0722-9893>. E-mail: isakaevaaiko@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Темирханова А.С., Максұтова А.А., Исақаева А.М., 2026

Аннотация. *Введение.* В данной статье на основе исторических источников анализируются жизнь и деятельность Касыма Мустафаұлы Ертісбаева, а через его личность раскрываются общая судьба и историческая миссия религиозно-просветительских деятелей начала XX века. *Цели и задачи.* Путём всестороннего анализа жизни и общественной деятельности Касыма Мустафаұлы Ертісбаева представить его как видного представителя религиозно-просветительского движения первой четверти XX века, а также раскрыть историческую судьбу казахской интеллигенции того периода, её духовные ориентиры и просветительскую деятельность. Для достижения данной цели ставятся следующие задачи: систематизировать биографию Касыма Мустафаұлы Ертісбаева на основе исторических источников; определить содержание и основные направления его религиозно-просветительской деятельности; проанализировать влияние общественно-политической ситуации первой четверти XX века на судьбы религиозных деятелей; выявить значение религиозно-просветительского движения в казахском обществе; оценить вклад деятеля в развитие национальной духовности и системы

образования; показать влияние политических репрессий советского периода на судьбы религиозных личностей. *Материалы и методы.* Основную источниковую базу исследования составили архивные документы, материалы периодической печати, труды религиозно-просветительского направления, а также исторические исследования и научные работы. Методологическую основу исследования составляют историко-аналитический, сравнительный и описательный методы. *Результаты.* Жизненный путь и общественная деятельность Касыма Мустафаулы Ертисбаева позволяют глубже понять сущность и содержание религиозно-просветительского движения первой четверти XX века. Отвечая требованиям своего времени, К. Ертисбаев стремился сочетать религиозное образование со светскими знаниями и прилагал усилия к развитию просветительской деятельности среди народа. Кроме того, он выделяется как деятель, переживший последствия политических изменений своей эпохи и посвятивший себя служению национальной духовности. *В заключение* следует отметить, что историческое изучение общественной деятельности данной личности позволяет раскрыть не только судьбу отдельного деятеля, но и определить сущность казахского религиозно-просветительского движения начала XX века. Настоящее исследование направлено на новое осмысление духовно-культурных процессов рассматриваемого периода, уточнение места религиозных деятелей в национальной истории и введение их исторического наследия в научный оборот.

Ключевые слова: Касым Мустафаулы Ертисбаев, исторические источники, религиозно-просветительская деятельность, объективность, культурное наследие, медресе, национальная духовность, деятель, просветительская работа, интеллигенция.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации гранта Министерства высшего образования и науки РК на тему: «Бай в Северном Казахстане: место в обществе, их потенциал и конфискация хозяйств» (Регистрационный номер АР 26104469).

Для цитирования: Темирханова А.С., МаксUTOва А.А., Исакаева А.М. Личность Касыма Ертисбаева в контексте религиозно-просветительских проблем начала XX века // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 400–409. [на каз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_400-409

THE PERSONALITY OF KASYM ERTISBAYEV IN THE CONTEXT OF RELIGIOUS AND EDUCATIONAL ISSUES OF THE EARLY 20TH CENTURY

Assemgul S. Temirkhanova¹, Albina M. Maksutova², Amangul M. Issakayeva³

¹The North Kazakhstan University named after Kozybayev
(7, Abaya str., 150000 Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan)
PhD, Associate Professor
<https://orcid.org/0000-0002-3231-5141>. E-mail: asema_sko@mail.ru

²Taraz University named after M.H. Dulati
(7, Y. Suleimenova str, Taraz, Republic of Kazakhstan)
PhD, Associate Professor
<https://orcid.org/0000-0001-5939-7370>. E-mail: albina_kzt83@mail.ru
*Corresponding author

³Kostanai Regional University named after A. Baitursynov
(47, A. N. Baitursynova str., Kostanay, Republic of Kazakhstan),
doctoral student
<https://orcid.org/0009-0000-0722-9893>. E-mail: isakaevaiko@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2026

© Temirkhanova A.S., Maksutova A.A., Issakayeva A.M., 2026

Abstract. Introduction. In this article, based on historical sources, the life and activities of Kasym Mustafauly Yertisbayev are analyzed, and through his personality the common fate and historical mission of religious and educational figures of the early twentieth century are revealed. *Goals and Objectives.* Through a comprehensive analysis of the life and public activity of Kasym Mustafauly Yertisbayev, the study aims to present him as a prominent representative of the religious and educational movement of the first quarter of

the twentieth century, as well as to reveal the historical fate of the Kazakh intelligentsia of that period, their spiritual orientations, and their educational activities. To achieve this goal, the following objectives are set: to systematize the biography of Kasym Mustafauly Yertisbayev on the basis of historical sources; to determine the content and main directions of his religious and educational activities; to analyze the influence of the socio-political situation of the first quarter of the twentieth century on the fate of religious figures; to identify the significance of the religious and educational movement in Kazakh society; to assess his contribution to the development of national spirituality and the education system; and to demonstrate the impact of Soviet-era political repression on the fate of religious figures. *Materials and Methods.* The main source base of the study consists of archival documents, periodical press materials, works of a religious and educational orientation, as well as historical studies and scholarly publications. The methodological foundation of the research includes historical-analytical, comparative, and descriptive methods. *Results.* The life path and public activity of Kasym Mustafauly Yertisbayev make it possible to gain a deeper understanding of the essence and content of the religious and educational movement of the first quarter of the twentieth century. Responding to the demands of his time, Yertisbayev sought to combine religious education with secular knowledge and made efforts to develop educational work among the people. In addition, he stands out as a figure who experienced the consequences of the political changes of his era and devoted himself to serving national spirituality. *In conclusion,* the historical study of this individual's public activity makes it possible to reveal not only the fate of a particular figure, but also to define the essence of the Kazakh religious and educational movement of the early twentieth century. This research is aimed at a new interpretation of the spiritual and cultural processes of the period under consideration, clarifying the place of religious figures in national history, and introducing their historical heritage into scholarly circulation.

Keywords: Kasym Mustafauly Yertisbayev, historical sources, religious and educational activity, objectivity, cultural heritage, madrasah, national spirituality, public figure, educational work, intelligentsia.

Acknowledgement: the article was funded by the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan by grant project on AR 26104469 «Bai in Northern Kazakhstan: their place in society, their potential and confiscation of farms».

For citation: Temirkhanova A.S., Maksutova A.A., Issakayeva A.M. The personality of Kasym Ertisbayev in the context of religious and educational issues of the early 20th century // Otan Tarihy. 2026. Otan Tarihy. 2025. Vol. 29. № 1. Pp. 400–409. [in Kaz.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_400-409

Кіріспе. XX ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқының тарихында терең қоғамдық-саяси өзгерістермен, рухани құндылықтардың қайта саралануымен және ұлттық сананың жаңғыру үдерісімен ерекшеленетін күрделі кезең болды. Бұл уақыт аралығында ұлт зиялылары елдің азаттығы мен өркениетті даму жолын айқындауға ұмтылып, ағартушылық идеяларды кеңінен насихаттады. Патшалық биліктің құлауы, төңкерістер мен кеңестік жүйенің орнығуы ел өмірінің барлық саласына, соның ішінде діни институттар мен ағартушылық қызметке түбегейлі ықпал етті. Осындай тарихи өтпелі кезеңде ел ішінде діни білім мен зайырлы ілімді ұштастырып, халықтың рухани және мәдени дамуына қызмет еткен қайраткерлердің орны айрықша болды. Әсіресе діни-ағартушылық бағыттағы қайраткерлер халықтың рухани тұтастығын сақтауда, ұлттық сананы оятуда және білім мен ғылымды дамытуда ерекше рөл атқарды. Алайда кеңестік биліктің орнауымен бірге олардың көпшілігі қуғын-сүргінге ұшырап, есімдері ұзақ жылдар бойы тасада қалып қойғаны белгілі. Солардың бірі – Қасым Мұстафаұлы Ертісбаев. Оның өмір жолы мен қоғамдық қызметі арқылы XX ғасыр басындағы қазақ діни-ағартушылық қозғалысының мазмұны мен бағыт-бағдарын, ұлттық зиялылардың рухани ұстанымдарын және тарихи тағдырын тереңірек түсінуге болады. Қайраткердің ағартушылық қызметі, діни білімді насихаттауы, халық арасында оқу-ағарту ісін дамытуға қосқан үлесі сол кезеңдегі ұлттық руханияттың дамуымен тығыз байланысты [Абылгожин, 2001: 15].

Қасым Мұстафаұлы Ертісбаевтың өмірі мен қызметі тарихи деректер негізінде саралап, оның тұлғасы арқылы XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі діни-ағартушылық қайраткерлердің ортақ тағдыры мен тарихи миссиясы айқындау, сонымен қатар сол дәуірдегі қоғамдық-саяси ахуалдың діни қайраткерлер өміріне ықпалын қарастырып, олардың ұлттық мәдени мұра мен рухани құндылықтарын сақтаудағы рөлін бағалау аса маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің деректік негізін кеңестік кезеңге қатысты архивтік және мерзімді баспасөз материалдары, діни-ағартушылық бағыттағы еңбектер, тарихи зерттеулер мен ғылыми еңбектер, естеліктер мен ауызша тарих материалдары құрайды.

Зерттеу барысында тарихи-ғылыми талдаудың келесі әдістері қолданылды: тарихи-салыстырмалы әдіс – XX ғасыр басындағы діни-ағартушылық қозғалыс өкілдерінің көзқарастарын салыстыру арқылы Қасым Ертісбаевтың ұстанымдарының ерекшелігін айқындау үшін қолданылды. Тарихи-генетикалық әдіс – тұлғаның қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік, саяси және рухани факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Контент-талдау әдісі – мерзімді баспасөз материалдары мен публицистикалық еңбектердегі діни-ағартушылық идеялардың мазмұнын жүйелеу үшін пайдаланылды. Жүйелік талдау әдісі – Қасым Ертісбаевтың қызметін жалпыұлттық діни-ағартушылық қозғалыс контекстінде кешенді қарастыруға негіз болды. Деректанулық талдау – архивтік және жазба деректердің шынайылығы мен ғылыми құндылығын саралауға бағытталды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін өркениеттік және ұлттық тарихты жаңаша пайымдау тұжырымдамалары құрайды. Сонымен қатар, зайырлылық пен дәстүрлі ислам құндылықтарының өзара ықпалдастығы теориялық тұрғыдан басшылыққа алынды.

Талқылау. XX ғасырдың басындағы Орта Ертіс өңірі ағартушылық қозғалыстың ерекше серпін алған аймақтарының бірі болды. Жәдидтік білім беру, мектеп-медреселерде жаңа әдіспен оқыту, зайырлы пәндердің енгізілуі және ағартушылық идеялардың таралуы қоғамға айтарлықтай өзгерістер әкелді. Сол дәуірдің көрнекті қайраткерлердің қатарында Қасым Мұстафаұлы Ертісбаевты ерекше атап өткен жөн.

Қасым Мұстафаұлының тағдыры 1920-1930 жылдары қазақ ұлтының бай-қуатты топтарының, діни және ағартушылық қызметпен айналысқан тұлғалардың бастан кешкен қиындықтарды сиппатауға мүмкіндік беретін «үлгілік» мысал десе артық болмас. Осы тұрғыдан Қасым Мұстафаұлының өмір жолы аймақтық тарих, ағартушылық дәстүр және қуғын-сүргін кезеңін зерттеу үшін аса маңызды. Сонымен қатар, Қасым Ертісбаевтың қызметі ішкі діни-әлеуметтік дағдарыстарды шешудегі прагматикалық көзқарасты көрсетті. Ол халықтың рухани қажеттеріне жауап беру үшін шығармашылық жолдар іздеді. Мысалы, медреселерде жамағатпен ашық пікірлесу, тілдік саудаластық пен тарихи материалдарды талдау сияқты әдістерді қолданды. Бұл жаңашыл тәсілдер дәстүрлі медресе білімінің қатал талабын жеңілдетіп, жаңаша ойлау үрдісін қалыптастырды.

Халық арасындағы сауатсыздық пен діни түсініктің жетіспеушілігі сол замандағы қоғам үшін маңызды мәселе болды. Ертісбаев бұл мәселені тек оқу жайымен шектемей, жеке тұлғаның рухани дамуымен байланыстыра қарастырды. Ол өз шәкірттеріне діни әртүрлілікті түсіну, әділдік, қоғамдық борыш сияқты идеяларды жеткізді. Осы орайда, Ертісбаевтың көзқарастары дәстүрлі тұрмыс пен жаңа заман талаптары арасындағы көпір қызметін атқарды. Бірақ оның бұл қызметі қарама-қарсы құбылыстарға да тап болды. Бір жағынан, дәстүршіл топтар Ертісбаевты «қарсылық» деп таныса, екінші жағынан, радикалды модернистер оған «жетілдіру жеткіліксіз» деген сын білдірді. Бұл сын-талқылаулар Ертісбаевтың тұлғасы мен қызметінің қаншалықты күрделі әрі көпқырлы болғанын айқын көрсетеді. Сондай-ақ, XX ғасырдың 20-30-шы жылдарында Кеңес өкіметінің агрессивті атеистік саясаты діни салаларға қатаң шектеулер енгізді. Бұл жағдай Қасым қажы Ертісбаев сияқты ағартушылар үшін үлкен кедергілер туғызды. Діни-ағартушылық орталықтар жабылып, медреселер қызметін тоқтатуға мәжбүр болды. Осындай тарихи қысымдар оның қызметінің мәні мен бағыттарын қайта ойластыруға итермеледі. Осы тұрғыдан алғанда, Қасым Ертісбаевтың қызметі XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы діни, мәдени және әлеуметтік өзгерістердің түбірлі моделі ретінде қарастырылуы тиіс. Ол – дәстүр мен жаңашылдық арасындағы байланысты тұлға, қоғамды білім мен руханиятқа бағыттайтын реформатор [Омарбеков, 2003: 45].

Қасым Мұстафаұлы Орта Ертіс өңірін мекендеген қыпшақ руының құлатай тармағына жатады. Қазақ пен жоңғар аяқасқан Абылай хан заманында арғы атасы Ертісбай жаяу жүрек батыр ретінде танымал болған. Белгілі шежіреші, қазақ тарихының білгірі Мәшһүр Жүсіп мәліметтері бойынша Ертісбай құлатай-қыпшақтарды билеген жеті ағайындылардың бірі болған. Талай жауды жайратқан Ертісбай туралы Мәшһүр Жүсіп келесідей жазады: «Ертісбай өзі 7 ағайынды екен, 2000 жылқылы бай екен, жігіт-желеңі сай екен. Жетеу болған соң ақ жеті лайт болуы дайын тұрған. Ішіндегі көкжал көк шолғағы Ертісбай екен. Өзіне кісі қаны қой қанынан оңай болса керек: «92 кісінің қанын осы қолыммен ұрттадым. Жүзге сегіз-ақ жетпей қалды», – деп отырады екен деседі...» [Көпеев, 2006: 98].

Мәшһүр Жүсіп өз әңгімесінде Ертісбай мен оның інісі Есілбай бастаған жұрт орыс өкіметінен арнайы рұқсат қағаз алып, қазіргі Павлодар қаласы тұсындағы Ертістің оң жағалауындағы жерлерді иемденген деп жазады. Бұны XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы орыс деректері де растайды. Қазақ даласында статистикалық зерттеулер жүргізген Ф. Щербина экспедициясының материалдарында осы құлатай-қыпшақ ауылы да көрсетілген: «Гр. № 497 (құлатай қыпшақ ауылдары

– Ә.Ж.). Қыстау находится на Иртыше, на собственной земле, пожалованной, правительством в 1798 году Есильбаю (Ертісбайдың кіші інісі - авт.) и его родственникам, на что имеются документы. Қыстау это имеет вполне определенные границы, отмеченные естественными признаками, а также и искусственными сооружениями: столбами, ямами и пр.» [Маркосян, 2010: 14]. Жазба деректерге сәйкес XIX ғасырдың соңында осы жерлердің негізгі тұрғындарын құлатай-қыпшақтан тарайтын Алыбай мен Нарбота ұрпақтары құраған. Шежіре бойынша Алыбай мен Нарбота туған ағалы-інілі. Осы Алыбайдан Ертісбай туған [Тілеке, 1995: 63].

Осы әулеттің келесі буын өкілі – Ертісбайдың ұлы Мұстафа құлатай-қыпшақтың ру басы, белді биі болған. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында XIX ғасырдың ортасына жататын «Дело о перечислении казахов Басентеинской волости Баян-Аульского округа бия Иртышбаева и др. в Кыпчаковскую волость Акмолинского округа и о лишнем взыскании с них ясака» атты іс-құжат сақталған. Іс Сібір қырғыздарының шекаралық басшысы қызметін атқарушы мырзаға 1850 жылдың 12 тамызында жазылған ресми рапорттан басталады. Аталмыш құжат бойынша Мұстафа би бастаған құлатай-қыпшақтар 1845 жылы Баянауыл сыртқы округінің бәсентиін болыстығына жатқызылған, ал қыпшақтардың негізгі бөлігі Ақмола округінің әртүрлі болыстықтарының құрамында болған. Мұстафа би өзінің ауылдарын руластарынан құралған Ақмола облысының құлатай-қыпшақ болыстығына қаратуды өтінеді. Патша шенеуніктері бұл өтінішті қарастырып, көрші округтің болыстығына өтуге рұқсат береді: «Шекара басқармасы полковник Клейст мырзадан ағымдағы жылдың 12 мамырында №1303 үшін Басентеин болысындағы Баян-ауылдық округтен, Құлатай-Қыпшақов қырғыздарынан: Мұстафа Ертіспаев пен Алдағұл Алтыбаевтан оларды Баян-ауылдық округінің Басентеин болысынан 25 киіз үй, Ақмола округінің Құлатай-Қыпшақов болысына аудару туралы өтініш алды, бірлесіп туыстарымен бірге тұруға; 23 мамыр күні №2872 үшін Баян-ауылдық бұйрыққа осы өтінішті шешуге қандай кедергілер бар-жоғын жеткізуді және келіскен жағдайда санақтан үзінді көшірмені ұсынуды бұйырды...» [ҚР ОМА. 374-қ. 1-т. 2352-іс. 28-п.]. Жоғарыда келтірілген мұрағат материалдарын әрі қарай зерттей келе, біз Мұстафа бидің дала заңдарын біліп қана қоймай, қазақтарға беймәлім Ресей ержелерінен де хабардар болғанын байқаймыз. Оның ауылы Ақмола облысына қарасты болыстыққа өткеннен кейін қайтадан салық төлеуге мәжбүр болады. Бұл қателік туралы Мұстафа жоғары лауазым шенділерге хат жазады. Мәселені талқылау нәтижесінде Шекаралық басқарма Мұстафа Ертісбаевтың талаптарын негізді деп мойындап, жергілікті шенеуніктерге жіберілген қателікті түзетуді тапсырады. Нәтижесінде артық алынған қаражатты келешек салық есебіне аудару туралы шешім қабылданады [ҚР ОМА. 374-қ. 1-т. 2352-іс. 6-п.]. Осылайша Мұстафа бидің дер кезінде және сауатты жасаған әрекеттерінің нәтижесінен оған қарасты қазақтар өз құқықтарын қорғап қалады.

Мәшһүр Жүсіп өзінің Ертісбай батыр туралы әңгімесін қорытындылай келе оның немересі Қасым Мұстафаұлы туралы да жазып кетеді: «Сол Ертісбайдың немересі, Мұстафа баласы Тоғай бойының бір деген кісісі болып, жұрт аузына ілініп тұр» [Мәшһүр, 2006: 106]. Аталған Қасым Мұстафаұлы Ертісбаевтың тағдыры XX ғасырдың басында қоғамда орын алған оқиғаларды толығымен бейнелейді деуге болады.

XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы жағдай қылышынан қан тамған большевиктер үкіметінің дәурені жүріп тұрғанымен сипатталады. Мәскеудегі орталық билік Қазақстан халқының мүддесімен де, ұлттық ерекшелігімен де санаспады. Сонымен қатар, Қызыл үкімет 20-шы жылдардың соңынан бастап зиялы қауым өкілдеріне қарсы бағытталған ірі науқандар ұйымдастырады да және 30-жылдары бұл науқан өзінің қарқындаған шегіне жетеді. Ұлттық элита өкілдері, көрнекті қоғам қайраткерлері жер аударылып, атылып, ауыр жазаларға тартылды. Сол кезеңнің саяси құрбандарының қатарында – Қасым қажы Мұстафаұлы Ертісбаевта бар.

Қасым Мұстафаұлы туралы негізгі ақпарат көзінің бірі ол 1924 жылғы НКВД қызметкерлері алғашқы тергеу жүргізен кезінде толтырылған сауалнама. Сонда келтірген мәліметтер бойынша Қасым Мұстафаұлы 1870 жылы туған. Тергеу жасалған уақытта Павлодар уездінің Ұрық болыстығының №2 ауылында тұрған (қазіргі Шәукең ауылы) [ПОММ. 17-қ. 1-т. 2-іс. 49-п.]. Білімі туралы тергеушілер «білім цензі – діни орташа» деп қана жазып кеткен. Біздің мәліметтеріміз бойынша ол бастауыш білімді ауыл молдасынан алған, одан кейін Тройцк қаласындағы медреседе оқыған. Қасым Мұстафаұлының Мекке-Мединеге қай жылы барып, қажы деген құрметті атаққа қашан ие болғандығы жайлы біз бейхабармыз. Қасым қажы 1912 жылға дейін ауыл мектептерінде мұғалім-молда болған. Кейінірек өзінің ауылында мешіт және жаңа «жәдитік» әдіспен оқытатын мектеп-медресесін ашақан [Сарыарқа самалы, 1997]. Жәдитизм (араб тілінен жәдід - жаңа) ол XIX

ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Еділ бойы, Қырым және Орта Азия мұсылмандарының мәдени-реформаторлық, қоғамдық-саяси қозғалысы. Жәдидтер мұсылман мектептерінде діни сабақтармен қатар жаңа ағартушылық пәндерді енгізу, ұлттық мәдениетті дамыту, әйелдер теңдігі, мектептерде ұлттық тілде дәріс беру сияқты мәселелерді көтерді.

Қасым қажы медресесі түлегінің бірі, Павлодар облысы мешітінің имамы болған Рахметолла ақсақал 1997 жылы Қасым Мұстафаұлының баласы Бәйтен Омаровпен кездескен сәтінде ұстазы Қасым қажыны аса бір жылы сезіммен еске алған. Оның айтуынша Қасым қажы білімі терең, жан-жақты адам, жеке кітапханасы әртүрлі жанрдағы әдебиетке толы болған [Койгелдиев, 2009: 31]. Қасым Мұстафаұлының кітаптары қызылдардың шолақ белсенділерінен сақтап қалу мақсатымен Павлодарское (Шәукен) ауылының ескі зираттының ішіне көмілген. Кейіннен осы кітаптар 70-жылдары қабір қазу кезінде табылады. Жергілікті ауыл молдасы кітаптарды қайтадан көміп тастауды ұйғарады [Камерон, 2020]. Қасым қажы медресесінде білім алған адамдардың ішінде белгілі қазақ ақын-жазушысы, публицист Сәбит Дөнентаев бар. Осында ол ағартушылық білімнің негіздерімен танысып, зерттеу мен өз бетінше іздену әдістерін үйренеді [Қирабаев, 2007: 25]. С. Дөнентаевтың алғашқы өлеңдер жинағы Қасым қажының үлкен қызы Сәнияның қаржысына шығарылады. Бұл туралы ақпарат «Айқап» қоғамдық-саяси журналында жарияланды. Журналдың 1915 жылғы №9 басылымында Мәтбұғат айдарында Сәния Қасымқызы Ертісбаева өз қаржысына Уфа қаласындағы «Шәріп» баспасынан С. Дөнентаевтың «Уақ-түйек» кітабының екі бөлімін басып шығартқан деп жазылған [Айқап, 1915: 5]. Мәлімет берушілердің сөздеріне қарағанда бұл Қасым Мұстафаұлының отбасы тарапынан жасалған көп меценаттық шараларының бірі ғана еді.

Қасым Мұстафаұлы ұстаздықтан басқа қоғамдық жұмыстармен де белсене айналысқан. 1917 жылы ол Павлодар қаласында қазақ мұғалімдері мен зиялыларының «Ғылым» атты қоғамын құрады. Павлодар уезінің 1 ауданында мухатсиб (діни моральдің сақталуын қадағалайтын адам) қызметін атқарған [Павлодарское Прииртышье, 2003]. Мухатсибтің басты жұмысы ол сауда, қолөнер салаларын қадағалау мен қоғамдық жерлердегі адамдардың тәртібін бақылау болатын. Мұсылман елдерінде мухатсибке қоғамдық тәртіптен басқа сатылатын заттардың сапасын, таразылардың дұрыстығын тексеру, қаланы нанмен қамтамасыз ету, қысылтаяң кезеңдерде оған шектік баға қою т.б. міндеттер жүктелген. Қасым Мұстафаұлының осы діни-ағартушылық қызметі кейіннен қызылдар тарапынан қудалауға ұшырауына себеп болды.

Қазақстанда Кеңес өкіметінің билігі орнасымен зиялылар мен діни қызметкерлердің басына қара бұлт үйіріле бастады. 1918 жылы 23 қаңтарда большевиктер «шіркеулерді мемлекеттен және мектептерді шіркеуден алыстату (ажырату) туралы» декрет қабылдады. Алайда декретте дін бостандығы мойындалып, адамды ұстанған наным-сенімі үшін алаламау туралы айтылғанымен, іс жүзінде дінге қарсы ашық насихат, күрес жүргізілді. 1919 жылы мектептерде діни сабақтар жүргізуге тыйым салынды. Атеистік бағыттағы әртүрлі қоғамдар құрыла бастады. Мысалы, 1924 жылдың тамызында Мәскеуде «Безбожник» газетінің достар қоғамы (ОДГБ – организация друзей газеты безбожник) құрылды. 1925 жылдың сәуірінде олардың бірінші съезі болып, жалпыодақтық дінге қарсы «Союз безбожников» одағын құрса, 1929 жылғы екінші съезде одақтың аты «Союз воинствующих безбожников» деп өзгертіледі. Одақтың негізгі ұрандары: «Құдайсыздық арқылы – коммунизмге жету», «Дінмен күрес – бұл социализм үшін күрес» т.с.с болды. Қазақстанда мұндай ұйымның алғашқы ошағы 1925 жылы пайда болды [Нурғалиева, 2005: 13].

1920-1928 жж. аралығында мұсылмандыққа қарсы күрес негізінен идеологиялық тұрғыдан жүргізілді. Бірақ ОГПУ мен НКВД органдары осы уақытта діни ұйымдарға қатысты, олардың қоғамдағы ықпалы және мешіт пен медреселердің жетекшілері туралы мәліметтер жинақтап отырды. Осы мақсатта 1924 жылы Қасым Мұстафаұлы тергеуге алынып, жоғарыда көрсетілген сауалнама жасалды. 1927 жылы құпия түрде ВКП(б) КазКрайКом бюросының мұсылман діни қозғалысымен күресу шаралары жөніндегі қаулысы шығады. Осы уақыттан бастап дін өкілдерін ашық түрде қудалау басталады. Олар барлық құқық пен еркіндіктерінен айырылды. Десекте негізгі қасірет 30-жылдардан басталды. Осы кезде бұрынғы дін қызметкерлері жаппай қамауға алынып, біртіндеп көздері құртыла басталды. Оларға жазықсыздан жазықсыз жалалар жабылды, коммунистер мен комсомолдарға қарсы от салушылар, контрреволюциялық насихат жүргізушілер, тіпті Батыстың империалистік мемлекеттеріне қызмет етуші шпиондар деген мардымсыз айыптар тағылды. НКВД мұрағатынан қылмыстық істің табылмауына байланысты Қасым Мұстафаұлының қашан тұтқынға алынғандығы және қанша уақыт қамауда болғандығы жайлы біз білмейміз. Білетініміз 1932 жылдың 11 наурызында халық арасында «Ақ түрме» деген атпен белгілі Павлодар абақтысында қайтыс

болғаны [ПОММ. 1021-қ. 1-т. 114-іс, 306-п.].

1924 жылғы НКВД сауалнамасы бойынша Қасым қажы мен оның жұбайы Ажар Саидғазықызы Айдарғазы деген ұлды және Нәписә есімді қызды тәрбиелеп отырған. Алайда осы сауалнамада үлкен қызы Сәнияның есімі аталмаған. Бұл кезде тұрмысқа шағып, жеке үй болып отырған Сәнияның есімін Қасым қажы тергеушілерден әдейі жасырған болса керек. Кейіннен 1927 жылы Қасым қажы отбасында Файзылкәрім деген ұл дүниеге келеді. Мешіттің жазбалары бойынша Файзылкәрім Қасымұлы 17 ақпанда туған [ПОММ. 1021-қ. 1-т. 114-қ. 3-п.]. Қасым қажы тұтқынға алынғаннан кейін Файзылкәрімді апасы Сәния мен оның күйеуі Уәлихан Омаров өз тәрбиесіне алады.

Қасым Мұстафаұлының күйеу баласы Уәлихан Омаров (1888 – 1955) – педагог, тілтанушы, әдебиеттанушы Павлодар уезі, Ұрық болыстығының №2 (Шәукен) ауылында дүниеге келген. Алғашқы білімді Қасым қажы медресесінен алған, содан соң Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген (1916 ж.). Ауыл мектебінде, Павлодар мектеп-коммунасында, Ташкенттегі қазақ орта мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген. 1920-1922 жылдары Түркістан АКСР халық ағарту комиссариатында (наркомпрос) ғылыми кеңестің ғалым хатшысы болған. «Айқап», «Қазақ», «Ақ жол» сияқты қоғамдық-саяси басылымдарда әртүрлі тақырыпта жиі жарияланып отырған. 1922 жылы Ташкентте Халел Досмұхамедовпен бірге Абайдың өлеңдер жинағын шығарады. 1921 жылы Халел Досмұхамедов, Мұхаметжан Тынышпаев және т.б. бірге Орталық өкіметтің назарына Еділ бойындағы және Қазақстандағы аштық жайлы «Ақ жол» газетіде жазады. Кейіннен Сталин «Ақ жол» газетін ұлтшыл бағытындағы басылым деп сынға алып, ол 1926 жылы жабылады. 30-40-шы жылдары Уәлихан Омаров қоғамдық-саяси өмірден алыстап, тек қана оқыту, ғылыммен айналысады. Алматы медициналық училищесінде дәрістер оқиды, Ғылым академиясында кіші ғылыми қызметкер, ал 1943 жылдан ҚазКСР-нің Ғылым академиясының мұрағаттар бөлімінің меңгерушісі болады. 1947 жылы денсаулығына байланысты жұмыстан кетеді. Ол өзінің ғылыми, публицистикалық, көркем шығармаларында барлық түрік тілдеріндегі, сонымен қатар орыс, парсы, араб тілдеріндегі деректерді пайдаланған [Павлодарское Прииртышье, 2003: 50-51].

Қасым Мұстафаұлы қайтыс болғаннан кейін, оның қызы Сәния екі бауыры Айдарғазы мен Файзылкәрім, сіңлісі Нәписаны Славгород қаласына алып кетеді, сол жақта жасырынады. НКВД-ның қатаң қадағалауында болған Уәлихан Омаров бұл кезде Ташкентте бөлек жүруге мәжбүр болады. Тек бірер жылдардан ғана ол отбасын алып кетуге шешеді. Сол кезде Файзылкәрімді Уәлихан Омаровтың атына жазғызып, есімін Бәйтен (Байтұяқ) деп өзгертеді. Сөйтіп азан шақырып аты қойылған Файзылкәрім Қасымұлы Ертісбаев кейіннен есімі қазақ театр, кино өнері тарихында алтын әріппен жазылған Бәйтен Уәлиханұлы Омаров болып шыға келеді [Conquest, 1986: 23]. Осындай тартысты тағдыр жолынан өткен Бәйтен/Файзылкәрім Омаров қазақ өнері мен мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосты және халқының сүйікті перзенті атанды.

Нәтижелер. Жалпы, ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан тарихының кейбір тұстары әлі де болса қалың жұртшылыққа белгісіз. Тарихтың бірпартиялық әдіснамасы үстемдігі жағдайында қалыптасқан кейбір тарихи қағидалардың ықпалы әлі өміршең деп айтуға болады. Жүргізілген деректанулық және тарихи-салыстырмалы талдау негізінде Қасым Ертісбаевтың тұлғасы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы діни-ағартушылық үдерістермен тікелей сабақтас қалыптасқаны және оның қызметі ұлттық рухани жаңғыру қозғалысының құрамдас бөлігі болғаны айқындалды.

XIX ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басында қазақ даласында мұсылмандық білім беру жүйесі реформалану кезеңін бастан кешірді. Бұл үдеріс жәдидтік қозғалыспен тығыз байланысты болды. Зерттеу барысында Қасым Ертісбаевтың көзқарастары жәдидтік ағартушылық идеяларымен мазмұндық тұрғыдан үндес екені анықталды [Жұмағұлов, 1999: 5].

Атап айтқанда, татар және башқұрт зиялылары арқылы таралған «усул-жәдид» оқыту әдісінің қазақ даласына енуі діни білім мазмұнын жаңартуға ықпал етті. Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар (әсіресе ХХ ғасыр басындағы қазақ басылымдарындағы ағартушылық бағыттағы материалдар) діни оқытуды заман талабына бейімдеу қажеттігін көтерген. Бұл идеялар Қасым Ертісбаев қызметінен де көрініс тапқан. Архивтік материалдар мен замандастарының естеліктерін талдау Қасым Ертісбаевтың медреселік білім беруде тек шариғат қағидаларын оқытумен шектелмей, арифметика, жазу-сызу, дүниетану секілді пәндерді енгізуді қолдағанын көрсетеді.

Бұл ұстаным қазақ ағартушыларының ортақ бағытымен сәйкес келеді. Мәселен, ХХ ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция өкілдері діни білімнің қоғамды алға бастырушы күшке айналуы

үшін оны заманауи ғылым жетістіктерімен ұштастыру қажеттігін атап өткен. Қасым Ертісбаев та осы идеяны тәжірибеде жүзеге асыруға ұмтылған [Жұмағұлов, 2021: 25].

Зерттеу нәтижелері оның діни фанатизмнен алшақ болғанын және рационалды, тәрбиелік-ағартушылық бағытты ұстанғанын дәлелдейді. Патшалық Ресейдің отарлық басқару жүйесі жағдайында діни институттар қазақ қоғамында ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды тетіктерінің бірі болды. Құжаттық деректерде көрсетілгендей, мешіт пен медресе тек құлшылық орны емес, сонымен қатар қоғамдық пікір қалыптастыру орталығы қызметін атқарды. Қасым Ертісбаевтың қызметі осы әлеуметтік институттар арқылы халықты имандылыққа, бірлікке және білімге үндегенімен сипатталады. Оның уағыздары мен ағартушылық қызметі діни құндылықтарды ұлттық дәстүрмен ұштастыруға бағытталған.

Талдау нәтижесінде оның діни-ағартушылық қызметі отарлық саясат жағдайында рухани тұтастықты сақтауға қызмет еткені анықталды. Бұл бағыт қазақ зиялыларының ұлттық жаңғыру стратегиясымен үйлеседі. Деректерді кешенді қарастыру Қасым Ертісбаевтың өңірлік деңгейде ғана емес, жалпыұлттық діни-ағартушылық үдерісте орны бар тұлға болғанын көрсетеді. Оның қызметі: діни білім беру сапасын арттыруға; халықтың сауаттылығын көтеруге; исламдық этиканы әлеуметтік жауапкершілікпен ұштастыруға; ұлттық рухани құндылықтарды сақтауға бағытталды [Гимпельсон, 1995: 25].

Нәтижесінде Қасым Ертісбаев тұлғасы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы дәстүр мен жаңашылдықтың өзара ықпалдасу үдерісін бейнелейтін тарихи феномен ретінде бағаланады. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері оның діни-ағартушылық қызметі қазақ қоғамындағы рухани модернизация үдерісінің құрамдас бөлігі болғанын және ұлттық сананың қалыптасуында маңызды рөл атқарғанын ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Қорытынды. Қасым Мұстафаұлы Ертісбаев – ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы діни-ағартушылық ортаның көрнекті өкілі ретінде тарих беттерінде қалды. Ол өзінің педагогикалық, діни және қоғамдық қызметтері арқылы өңірде білім мен руханиятты дамытуға зор үлес қосты. Қасым Ертісбаевтың қызметі дәстүрлі медресе жүйесінің жаңаруына, мұсылманша білім берудің кеңеюіне және заманауи ағартушылық идеялардың таралуына жол ашты. Оның ұйымдастырған медресе-мекемелері халық арасында сауаттылықты арттыру мен діни түсінікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Ертісбаевтың қызметі сол кезеңдегі зиялылар мен ағартушылардың жалпы ағымына үйлесім тауып, қазақ қоғамында дін мен білім арасындағы диалогты дамытты.

Алайда ХХ ғасырдың 20–30-шы жылдарында Кеңес өкіметінің діни институттарға қысымы күшейген кезде Қасым Ертісбаев сияқты қайраткерлердің қызметі тоқтап, олардың тағдыры нәубетпен аяқталды. Бұл кезеңде рухани ағартушылық бағыттар құлдырап, көптеген діни және білім беру мекемелері жабылды немесе қысқартылды. Осылайша Ертісбаевтың өмірі мен қызметі қазақ қоғамындағы діни-ағартушылық мәселелердің күрделі тарихи контекстінде ерекше орын алады: ол бір жағынан дәстүрлі ислам білімін сақтау мен дамытуға ұмтылса, екінші жағынан қоғамды жаңғырту мен білімге жол ашуды басты міндеттердің бірі ретінде қарастырды.

ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі қоғамдық-саяси өзгерістер қазақ қоғамының рухани өміріне түбегейлі ықпал етіп, діни-ағартушылық бағыттағы қайраткерлердің тағдырын күрделендірді. Бұл кезеңде ұлттық сана мен діни құндылықтарды сақтауға, халықтың сауатын ашуға, білім мен имандылықты ұштастыруға ұмтылған тұлғалардың қызметі ерекше маңызға ие болды. Солардың бірі – Қасым Мұстафаұлы Ертісбаев. Оның өмір жолы мен ағартушылық қызметі арқылы дәуір шындығын, рухани күресті және тарихи сабақтастық мәселесін тереңірек түсінуге болады.

Дереккөздер

ПОММ – Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағаты

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві

Әдебиеттер

Абылгожин, 2001 – *Абылгожин Ж.* Казахстан в советском тоталитарном пространстве: историческая динамика. Алматы, 2001. С. 267–268.

Айқап, 1915 – Ел ішіндегі сот жұмысы // *Айқап*. 1915. № 9. 24 маусым.

Conquest, 1986 – *Conquest R.* The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. New York: Oxford University Press, 1986. 408 p.

Гимпельсон, 1995 – *Гимпельсон Е.Г.* Формирование советской политической системы: 1917–1923 гг. М.: Наука, 1995. 232 с.

- Дэвис, Уиткрофт, 2011 – Дэвис Р. Уиткрофт С. Годы голода: сельское хозяйство СССР, 1931–1933. Москва: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2011. 543 с.
- Жұмағұлов, 1999 – Жұмағұлов Б. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922–1933 жж.). Алматы, 1999. 157 б.
- Жұмағұлов, 2021 – Жұмағұлов Б. Сұрқия саясат сойқаны. Алматы, 2021. 312 б.
- Камерон, 2020 – Камерон С. Голодная степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана. Москва: Новое литературное обозрение, 2020. 360 с.
- Койгелдиев, 2009 – Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов. Алматы, 2009. 448 с.
- Қирабаев, 2007 – Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 8. Алматы, 2007. 394 б.
- Маркосян, 2010 – Маркосян Г.М. Коррупция в СССР в 1920-е годы и борьба с ней: Автореферат дис. ... канд. ист. наук. М., 2010. С. 14.
- Көпеев, 2006 – Көпеев М.Ж. Ертіс бойындағы қожалар // Шығармалары. Т. 8. Павлодар, 2006. 300 б.
- Нургалиева, 2005 – Нургалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. Алматы, 2005. 200 с.
- Омарбеков, 2003 – Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы, 2003. 552 б.
- Павлодарское Прииртышье, 2003 – Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия. Алматы, 2003. 252 с.
- Тілеке, 1995 – Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс-Баянаула өңірі. Павлодар, 1995. 346 б.

Sources

- POMM – Pavlodar oblystyq memlekettik muraǵaty [Pavlodar Regional State Archive]
- QR OMA – Qazaqstan Respublikasy Ortalyq Memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]

References

- Abylgojin, 2001 – Abylgojin J. Kazakhstan v sovetskom totalitarnom prostranstve: istoricheskaya dinamika [Kazakhstan in the Soviet totalitarian space: historical dynamics]. Almaty, 2001. Pp. 267–268. [in Russian]
- Айқар, 1915 – El ishindegi sot jumysy [Judicial work within the country]. *Айқар [Ayqar]*. 1915. № 9. 24 маусым. [in Kazakh]
- Conquest, 1986 – Conquest R. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. New York: Oxford University Press; 1986. 408 p.
- Devis, Uitkroft, 2011 – Devis R., Uitkroft S. Gody goloda: sel'skoe khoziaistvo SSSR, 1931–1933 [The Years of Hunger: Soviet Agriculture, 1931–1933]. Moscow: Russian Political Encyclopedia (ROSSPEN), 2011. 543 p. (History of Stalinism). [In Russian]
- Gimpelson, 1995 – Gimpelson E.G. Formirovaniye sovetskoi politicheskoi sistemy: 1917–1923 gg. [Formation of the Soviet political system: 1917–1923]. M.: Nayka, 1995. 232 p. [in Russian]
- Kameron, 2020 – Kameron S. Golodnaya step': golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazakhstana [The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan]. Moscow: New Literary Observer, 2020. 360 p. [In Russian]
- Koigeldiev, 2009 – Koigeldiev M.K. Stalinizm i repressii v Kazakhstane 1920–1940-h godov [Stalinism and repression in Kazakhstan in the 1920s and 1940s]. Almaty, 2009. 448 p. [in Russian]
- Kopeev, 2006 – Kopeev M.Zh. Ertis boyndaǵy qojalar [Khojas along the Irtysh]. *Shyǵarmalary*. T. 8. [Essays. Vol. 8.]. Pavlodar, 2006. 300 p. [in Kazakh]
- Markosian, 2010 – Markosian G.M. Korruptsiya v SSSR v 1920-e gody i bor'ba s nei: avtoref. diss. ... kand. ist. nauk. M., 2010. P. 14. [in Russian]
- Nyrgaliev, 2005 – Nyrgaliev A.M. Ocherki po istorii islama v Kazakhstane [Essays on the history of Islam in Kazakhstan]. Almaty, 2005. 200 p. [in Russian]
- Omarbekov, 2003 – Omarbekov T. Qazaqstan tarihyńyń XX ǵasyrdaǵy ózekti máseleleri. Kómekshi oqy quraly [Actual problems of the history of Kazakhstan in the XX century. Auxiliary training manual]. Almaty, 2003. 552 p. [in Kazakh]
- Pavlodarskoe Priirtyshe, 2003 – Pavlodarskoe Priirtyshe. Ensiklopedia [Pavlodar Irtysh region. Encyclopedia]. Almaty, 2003. 252 p. [in Russian]
- Qirabaev, 2007 – Qirabaev S. Kóp tomdyq shyǵarmalar jinaǵy. T.8. [A collection of multi-volume works. Vol. 8]. Almaty, 2007. 394 p. [in Kazakh]
- Tileke, 1995 – Tileke J. Shejire: Ertis-Baianayla óńiri [Chronicle: Irtysh-Bayanaul region]. Pavlodar, 1995. 346 p. [in Kazakh]
- Zhūmagūlov, 1999 – Zhūmagūlov B. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922–1933 жж.) [The Agrarian Policy of the Soviet Government and the Adai Uprising (1922–1933)]. Almaty, 1999. 157 p. [In Kazakh]
- Zhūmagūlov, 2021 – Zhūmagūlov B. Súrqiya saiasat soıǵany [The Atrocity of the Treacherous Policy]. Almaty, 2021. 312 p. [In Kazakh].

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б. О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
Мамраймов С. КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B. VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch. THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
Жолдасұлы Т., Досым А.Б. ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
Zhumatay G., Yskak A. TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
Zholseitova M.A. SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
Сабитов Ж.М., Каратаев А.А. О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
Ахметова Г.М. ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӘЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНІСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
